

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 18 маусым N 750. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1749 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағынан таңбалауға жататын акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына бақылауды одан әрі жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін алым маркаларын енгізу және таңбалауға жататын ацизделетін тауарларды сату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592

Р 9 5 0 5 9 2 _

қаулысының 1-қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 16, 179-бап) мынадай толықтыру енгізілсін:

акциздік алым маркаларымен міндетті түрде таңбалауға жататын отандық акцизделетін тауарлар тізбесі толықтырылсын:

Экспортқа арақ

Экспортқа темекі

Ескертпе. Бұл жағдайда акциз маркілерінің құны экспортталатын тауарлар бойынша жұмсалатын шығынға қосылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК